

**2024 жылғы Алматы технологиялық университеті базасындағы
8D07204, 6D072600 – «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы
және құрастырылуы», 8D07205, 6D073300 – «Тоқыма материалдарының
технологиясы және жобалануы» мамандықтар тобы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық
диссертацияларды қорғауы бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы
туралы есеп**

1. Өткізілген отырыстар саны – 3.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес (ДК) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты – Кузьмичев Виктор Евгеньевич –ДК тұрақты мүшесі, т.ғ.д, Иваново мемлекеттік политехникалық университетінің профессоры (Иваново қ., Ресей).

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық/БББ	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Шайзаданова Гүлнар Сейтбекқызы	«Алматы технологиялық университеті» АҚ	6D072600 - «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы»	05.04.2024	04.07.2024ж . №578
2	Дошибекова Айжан Бағдатқызы	«Алматы технологиялық университеті» АҚ	6D073300 – Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы	18.06.2024	13.09.2024ж . №841
3	Нұрбай Сәуле Құрбанбекқызы	«Алматы технологиялық университеті» АҚ	6D072600 - «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы»	06.09.2024	13.11.2024ж. №1065

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

- *Шайзаданова Гүлнар Сейтбекқызының «Термиялық зақымданған пациенттерге арналған арнайы мақсаттағы киімді зерттеу және жобалық әдістемесін дайындау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша*

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Жұмыстың нәтижесі күйігі бар науқастарға арналған, аурудың ерекшеліктерін ескере отырып, медициналық емшараларды жеңілдететін

функционалдық және конструктивті элементтері бар ыңғайлы және эстетикалық киім жасау пациенттерді емдеуге және оңалтуға ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар медициналық мекемелердегі күйіктері бар науқастарды емдеу кезінде әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейін және өнімдердің сапасы деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Қорғаныс функциялары бар киімге деген қажеттілік қоршаған ортаның өзгеруімен, адамның өмірлік белсенділігімен немесе оның физикалық жай-күйімен байланысты және медициналық мекемелердегі стационарда жатқан науқастар үшін өте маңызды. Арнайы киім пациенттің психологиялық жайлылығы мен әл-ауқатына, сондай-ақ көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына әсер етеді. Әлемдік тәжірибеден айырмашылығы, арнайы мақсаттағы қазақстандық киімдердің ассортименті өте аз және емдеу мекемелеріндегі науқастардың заманауи талаптарына сәйкес келмейді. Инновациялық технологияларды, материалдар мен бәсекеге қабілетті өнімдерді енгізбей кез келген саланың дамуы мүмкін емес.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Жұмыс «Алматы технологиялық университеті» АҚ бастамашылық тақырыбы аясында орындалған. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау

Зерттеудің нәтижелері күйігі бар науқастар үшін жаңа өнеркәсіптік киім үлгілерін әзірлеу болып табылады және Алматы қаласының Мемлекеттік клиникалық ауруханасында күйігі бар науқастар үшін әзірленген киім үлгілерін тәжірибелік пайдалану актісімен, №3287 «Күйікпен ауратын адамға арналған арнайы мақсаттағы халат», №3475 «Күйік науқастарына арналған ауруханалық киім» өнеркәсіптік үлгісіне екі патентпен, № 5715 «Күйікпен ауратын адамдарға арналған арнайы киім жинағы» пайдалы модельге бір патентпен, «MedicApp HBB» ЭЕМ (MedicApp Human-Body Burn) үшін №23741 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлігімен расталған. Жұмыс нәтижелерін апробациялау «ENDEAVOR» ЖШС (Алматы қ.) өндірісіне енгізу туралы актісімен расталады.

- Дошибекова Айжан Бағдатқызының «Электрмагниттік сәулеленуден қорғайтын әсері бар инновациялық текстиль материалдарын жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Жұмыс табиғи полимерлерді пайдалану электр және электрмагниттік өрістерді әлсірететін электрмагниттік сәулеленуден адамдарды қорғау үшін,

бактерицидтік және микробқа қарсы қасиеттері бар арнайы мақсаттағы материалдарды әзірлеуге және өндіріске енгізуге бағытталған.

Электрлік және электромагниттік өрістерді әлсірететін, электромагниттік сәулеленуден қорғауға арналған арнайы мақсаттағы жаңа материалдарды әзірлеу технологиясын жасау және өндіріске енгізу.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Жұмыс «Алматы технологиялық университеті» АҚ бастамашылық тақырыбы аясында орындалған. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «AZALA Textile» ЖШС (Қосымша Б) кәсіпорынында енгізілді. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК № 8914 «Мақта-мата материалдың бетіне күміс қабықшаларының қондыруы» атты пайдалы модель патентін және Ресей Федерациясының зияткерлік меншік жөніндегі Федералдық қызметінен № 2723334 «Антистатикалық мата» өнертабысқа патент алумен расталды.

- Нұрбай Сәуле Құрбанбекқызының «Материалдар пакеттерін тиімді қалыптастыру негізінде экстремалды спорт түрінің спортшыларына арналған киім жобалауын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Жұмыс таулы туризмге арналған киімнің пайдалану қасиеттеріне олардың жылу қорғайтын қасиеттері айтарлықтай әсер етеді. Осы уақытқа дейін киімді пайдалану кезінде қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін жеке материалдардың да, олардың пакеттерінің де қасиеттері мен сипаттамалары толық зерттелмеген.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Жұмыс «Алматы технологиялық университеті» АҚ бастамашылық тақырыбы аясында орындалған. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері атериалдар топтамасын ұтымды қалыптастыру негізінде экстремалды спорт түріндегі спортшыларға арналған киім "ҚазСПО-Н" ЖШС-да өнеркәсіптік өндіріске енгізілді

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Рецензенттер жіберген барлық пікірлер дәрежелерді беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді. Пікірлерде жұмыстың өзектілігі, зерттелу дәрежесі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты көрсетілген, алынған нәтижелер мен негіздеу дәрежесі дәлелдемелік базамен расталған, әрбір алынған ғылыми нәтиженің сенімділігі мен жаңалығы, тұжырымдары мен қорытындылары көрсетілген.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар:

- тәжірибелі ғалымдар мен жас зерттеушілерді тарта отырып, халықаралық ғылыми консорциумдарды құру;
- докторанттардың ғылыми жұмыстарын отандық өндіріспен интеграциялауды күшейту.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 3 (0);
- 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ;
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ;
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ;
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

Ескерту: ДК ашылу бұйрығы 01.06.2022ж., № Р-01/67 және ДК қызмет ету мерзімі 18.03.2025ж. дейін.

ДК-тің төрағасы, профессор, т.ғ.д.

Жилисбаева Р.О.

**ДК-тің ғалым хатшысы, PhD
И.М.**

Джуринская

30.12.2024ж.